

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

V том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (торага), Ф. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,

А. Темірболатова, Ж. Тілеев, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жаупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Қ. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырыш, түсінкітерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаупты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Молдабеков*

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. V том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жаупты ред. Ә. Тарап; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 283 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүлі Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен анылған. Бесінші томға Абайдың шығармашылығы туралы когамдық және гуманитарлық, ғылым салаларында жарық көрген, уақыт сыйнидан еткен, ғылыми қауым мен көшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшілікке арналған.

В томға енгег таңдамалы еңбектер елдің ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

Ахмет Жұбанов

АБАЙДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Ұлы ақын, ағартушы Абай музыка саласында да айта қалғандай мұра қалдырды. Жазба әдебиетіміздің негізін салған Абай өзінің асыл өлеңдерін, қарасөздерін қағазға түсіріп, кейінгі үрпаққа қалдырса, музыка жөніндө оның мұндай мүмкіншілігі болмады. Өйткені Абай өмір сүрген кезеңде қазакта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді, халықтық музыка ауыздестүрлік қалыпта еді. Сондықтан Абай әндері де қазақтың басқа халықтық ән-куйлері сияқты ауыздан-ауызға, заманнан-заманға ауыса отырып жетті.

Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі олардың халықтың жүргегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында. Абай әндерінің өзгешелігі – мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Бұл өзгешелік алғашқы кезде тындағандардың беріне бірдей түсінікті бола қоймады, болмақшы да емес еді. Мәдениеттің дамуына кедергі болған феодалдық жағдайда кейбіреулер үшін ол әндердің жаңа тілдері қазақтың халықтық ән дәстүрінен шығып кеткендік болып көрінуі де мүмкін еді. Бірақ жаңа, прогресшіл мәдениет күрескері болған Абай өз бетінен қайтқан жоқ. Сөйтіп, Абай әндері алғашында оның өз айналасына, ауыл-аймағына, кейін жалпы қазақ арасына тарай бастады. Абай әндері, халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатқандықтан нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан ауызға көше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрын-сонды қазақтың халықтық музыка салтында болмаған жаңа музикалық өткір тіл мен жаңашыл өлең текстине құрылуы да себеп болды.

Абай әндері бізге, автордың өз нұсқасындағы өзгеріссіз, қосымшасыз жетті деп айта алмаймыз. Ауыз дәстүрі әрқашанда да бұл жағына өз әсерін тигізіп отырады. Орындаушылардың неше алуан

ерекшеліктеріне қарай Абай әндерінің өзгеріп отырғандығы да даусыз. Бір ауылдан бір ауылға, бір елден бір елге жеткен сайын түрленіп, кұбылып, алғашқы түбірінен алыстай беретін лақаптар сияқты ауыз дәстүрлік қалыптағы әндер де бастағы кейпін өзгерте береді. Абай әндері де, осы айтқандай, бізге көптеген варианттармен жетті. Әрбір сөйлемі мен әрпі сөз мәдениетінен анағұрлым нәзік келетін ән мен күй, сол ауыздан ауызға көшіп жүргенінде, қаншама үн жаттағыштық зердесі күшті өнерпаз болса да, үйренген жерінен үйрететін жеріне жеткенше сөзсіз өзгерістерге ұшырайды. Қазақстандағы музыкатану өнері майданында, бұл мәселе әлі осы айтылып отырған түргыдан қаралып, зерттелген жоқ, ғылыми жолға қойылған жоқ. Абайдың музыкалық мұрасы әлі күнгे әдейілеп жиылған да жоқ. Біздің Абай әндерін білуіміз – әр композитордың өзінше нотаға түсіріп, әр орындаушының өзінше айтып, әр «өңдеушінің» өз білгенінше сүйемел жасап жүргендерін естуімізден әрі аспайды. Әрине, Абайдың композиторлық творчествосы, Абай әндерінің өзіне ғана тән ерекшеліктері, оның үлгісінде ән шығарудың негіздері, Абайдың ән-куйге деген көзқарастары – осылардың бәрі терен тексеруді, үніле зерттеуді тілейтін нәрселер.

Баршаға белгілі, Абай ұлы орыс мәдениетінен нәр алып, орыс халқының демократ ақын-жазушыларының шығармаларын оқи, зерттей отырып, қазақ әдебиетінде өзіне дейін болмаған жаналықтар тудырды. Ол Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын қазақшага аударып, соларды қазақ арасына жаюшы, насихаттаушы болды. Осылай оқи, зерттей, аудара отырып, Абай өз өлеңдеріне жаңа ырғақ, жаңа өлшем енгізді. Өткір ойлы қалам қайраткері ұлы орыс мәдениетінің прогрессілдік ықпалы мен заманының жаңа ырғақ-ритмін сезді. Мұның өзі оның музыкалық творчествосына да әсер етті.

Жаңа ырғақ – өлшеу, жаңа кейілті мелодия жолы, жаңа ұнсөздіктері – осы үшеуі Абай музыкасының жаналығы болды. Бұрынғы он бір және жеті-сегіз буынды өлеңдермен айтылатын әндерге Абай әндері ұқсамады. Абай тудырған жаңа поэзия лебі оның әндеріне де жаңа лебіз берді. Орыстың ұлы ақындарын

ұлгі тұтқан Абай музыка дүниесінде де мұсылмандық шығыстың құран оқу әуезінен үн сөздіктерін ізdemегені былай тұрсын, өзіне дейінгі болып келген қазақтың халықтық әндерінің бір қалыптас тілдерін де міссе тұтпады. Ол орыстың әдет-ғұрып музыкасы, қала романстарын ести, тыңдай отырып, солардан творчестволық ұлгі алды. Оның үстіне Абайдың «Евгений Онегинді» аударып, «Татьяна хатына» өзінің ән шығаруы, Дельвиг пен Глинканың «Сүрғылт тұманын», Рубинштейннің «Мен көрдімін», Лермонтовтың «Қаранғы түндеген тау қалғыбын» аударып, оларға ән шығарғаны Абайдың музыка сөздігін байытуға әсер етті. Тағы бір айта кететін нэрсе – Абай әндері, сөзі, музыкасы біте қайнасып жатқандақтан, өзіне дейінгі қазақтың халық әндерінше, орындаушының көрінген өлеңге жетіп алып, жүре беруіне келмеді. Мысалы, «Қараторғай», «Екі жирен», «Жиырма бес», «Аққұм» сияқты әндерді бірінің сөзімен бірін айта бересің де, Абайдың «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлғаң» сияқты әндерін бірінің сөзімен бірін айта алмайсың. Қазақтың халықтық ән дәстүрінде бұл да бұрын-соңды кездеспеген жағдай деп айта аламыз.

Абайдың композиторлыққа басқалардан өзгеше жолмен келуі – оның творчествосында заманының алдын ораған жаңалықтарының болуы. Абай әндерінің ырғактық, үндік, мелодиялық жақтарының өзіне дейінгі қазақтың халық әндерінде болмаған қасиеттерге ие болуының тағы бір себебі – Абай ерекше бір музыкалық ортада болды, бір жағынан, өзінің аскан музыкалық қабілетінің, музыканы жан-тәнімен суюінің арқасында қазақтың халық музыкасын жақсы біліп, Семей қаласына гастрольге келген артистердің концерттерін тыңдап көру арқылы орыс музыкасымен тікелей танысып отырса, екінші жағынан, айналасына топталған өнерпаздардың кейбіреулері орыс халқының музыкалық ұлгілерімен таныс адамдар болды (өз баласы Әбдірахман, скрипкашы Мұқа). Олар Абай шығарған әндерді тыңдаушы ғана емес, бабына келтіріп орындаушы, дос пейілді кенесшілер еді.

Абайда Мұхит, Біржан сияқты күшті дауыс болмаса керек. Ол тек өз даусының жеткенінше ғана әнді айтып шығарды. Ол

– ақын, композитор, орындаушы арасында жетілген еңбек бөлісі жоқ кездегі жағдай еді. Шығарманы бірінші рет орындаушы да, кейін оны халық арасына таратушы да шығарушының өзі болады.

Абай әндері жаңа лебізді болғандықтан да өз тұсында көп түсінбеушілікке кездесті. 7-8, 11 буын ырғағымен ғасырлар бойы тәрбиеленіп келген адамдарға Абайдың жаңалықты ән тілі түсінікті болып кету үшін феодализмнің кертарапта дәстүрі қолайлыша жағдай болмады. Абайдың:

Адам аз мұны біліп ән саларлық,
Тындаушы да аз ол әннен бәһра аларлық, –

дегені осы бір жағдаймен байланысты болу керек. Әннің мәнін түсіне айтатын орындаушы мен оны бағалай білетін, жаңа үнді жаны түсінетін тындаушыны арман еткен, бұрынғы қара дүрсіндікпен құресіп келген Абай, жаңа әндерінің көпке баяу тарағанына қынжылады. Алайда идеялық көзқарасында еңбекші халықтың мұғын жоқтауға көшкен Абай өзінің өлеңдерінде де, қарасөздерінде де, әндерінде де осы идеяны қолдап отырды. Поззияның тілі жетпеген жерде Абай өлеңге ән қосты.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген Абай музыканың да адам өміріндегі өзгеше орын басқадан ерекше сезген. Абай әнді ермек үшін де, қосымша кәсіп болсын деп те шығармаған. Ол жан сырын халыққа тек поэзия тілі арқылы ғана жеткізуі місі тұттай, сонымен бірге халқымен музыка арқылы да тілдесуді жөн көрген.

Абай әндері қазір бүкіл елімізге кен тарап кетті, олар көптеген тілдерде айтылады. Абай арман еткендей, айтуши мен тындаушы қазір бір-біріне сай. Абай әндерін концерт сахналарынан, радиодан, опера, драма кейіпкерлерінің, көркем өнер-паздар үйрмелерінің орындауынан естіміз. Абай әндері сауық-кештерде, дастархан үстінде шырқалады. Қысқасы, Абай әндері біздің мәдени-өмірімізге тығыз араласты деп айта аламыз.

Абайдың музыкалық мұрасы тек совет өкіметі тұсында ғана жиналып, нотага түсіріле бастады. Қазактың халық музыкасын жинаушы А. Затаевич 1925 жылы Абайдың бірнеше әнін нотага түсіріп жариялады. 30 жылдарда композиторлар

Б. Ерзакович және Л. Хамиди Абайдың 20-дан аса әнін нотаға түсірді. Бұл әндердің бірқатары Абайдың екі томдық өлеңдер жинағында да басылды. 1939 жылы Қазақстанның зерттеу қоғамы Мәксен Мұхаметжановың орындауымен Абайдың 16 әнін нотаға жаздырды. Бірқатар білімпаздардың ұйғаруынша, Мұхаметжановың орындаудағы Абай әндері автордың оригинальна жақын болуы керек. Алдымыңдағы жылы Абайдың әндер жинағы ғылыми түсініктемен басылып шықпақ. Қазақтың халықтық музика үлгілерін жинаушы кейбір мекемелерде, жеке адамдардың архивтерінде сакталып жатқан Абай әндерін шамамен есептегендеге, түрлі варианттарын қосқанда, жалпы саны қырыққа жуық болады.

Абай әндері нотаға түскен күннен бастап фортепианолық сүйемелдермен, жеке дауысқа арналып, хорға түсіріліп орындала бастады. Бертін келе Қазақстан композиторлары Абай әндерін өздерінің шығармаларына тақырып, арқау етіп енгізді. Абай әндері негізінде жеке аспаптарға (ұлт аспаптарына, симфониялық оркестр аспаптарына), шағын ансамбльдерге (трио, квартет, квинтет) және үлкен оркестрге арнап шығармалар жазды. Абай әндері «Абай» операсына молынан кірді. Онда Абай әндері өзінің алғашқы қалпында да, творчестволық дамулы, өзгерісті түрінде де енді (оркестрде, хорда, ансамбльдерде). Операдағы бір өзгешелік: бірқатар кейіпкерлер үшін Абай стилінде ән, ариялар жазылды. Мысалы, бірінші актідегі Айдар-Ажар дуэті, төртінші актідегі «Ей, халайық, барым ен сен» деп басталатын Абайдың ариясы. Соңғы кездерде Қазақстан композиторлары Абайдың өлеңдеріне өздері көптеген ән жазып жүр. Абай поэзиясының жан түкпіріне жететін асыл қасиеттерін музика тілімен жалғастыру ісіне композиторлар қызу атсалысуда.

Абай – тек ән шығаруышы ғана емес, ән-күйдің әділ сыншысы да. Ол ән-күй жөнінде көптеген терен, ултілі пікірлер айтты.

Тұғанда дүние есігін аплады өлең,
Өлеңмен жер қойынна кіреп денең...

Бұл арада өлең деген сөз ән мәнісінде айтылып тұр. Ол музыканың адам өміріне тұғаннан бастап қайтыс болғанға дейін ілесе жүретінін аңғартады.

Абай музыканы талдауға материалистік түрғыдан келіп, оны сыртқы дүниенің сәулесі деп топшылайды.

Жақсы әнді тындасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық, –

деп Абай әннің сыртқы дүниенің сәулесі, бейнесі екенін көрсетеді.
Ол сыртқы шындық біздің сезім мүшелеріміз арқылы бастағы миға жетеді деген пікір айтады.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.

немесе:

Жүрек тербел оятар баста миды, –

дейді.

Композитор шебер суреттей, образ жасай білсе, әнде өмір сәулесі тұнық су түбіндегі заттай анық көрінеді, ән мен күйдің санамызда бейнеленуі, «бойымызды алып, жүргегімізді тербел, бастағы миымызды оятуы» құлақ (есту) арқылы келеді, дейді Абай. Ән-күйдің сана-сезімге, көнілге әсер ететінін айта келіп, Абай:

Салған ән көлеңкесі сол көнілдің, –

десе, екінші бір жерінде:

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Оның тәтті оралған мәні оятар.
Кейін зауық, кейін мұң дергін қозғап,
Жас балапша көнілді жақсы уатар, – дейді.

Әнде көніл күйі сан түрлі болатынын (музыка тілімен айтқанда мажор, минор) Абай шебер түсіндіреді.

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тындаушының қулағын кесері бар.

немесе:

Құр айғай бақырган.
Кұлаққа ән бе екен, –

деген өлең жолдарында Абай музыканың жан қылын шерту орнына, жаныңды түршіктіретіні де болатынын айтады.

Данышпан Абай күй жөнінде де өте өткір пікірлер айтты. Күйдің текстсіз айтылатын ән екенін сезген Абай:

Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге,
Жылы жүрек қайда бар қозгаларлық,

немесе:

Ақылдының сөзіндей ойлы күйді,
Тыңдағанда көнілдің өсері бар, –

дейді.

Бұл жолдардан Абайдың күйді жете түсінгендігі көрініп түр. Осындаи ән-күй туралы айтылған аса бағалы пікірлерімен қатар Абай әнді орындау шеберлігіне де көп көніл аударады.

Көбінесе ән басы келер аңы,
«Кел, тыңда!» деп өзгеге болар басшы, –

деген өлеңінде қазіргідей концерт залы, клубы бар жерлердегі тыңдаушы көпшілікті қонырау беру, немесе жарықты сөндіру, жағу арқылы тәртіпке шақырып, тыныштандырып әнді содан кейін бастайтын жағдай жоқта, шуласып, алқакотан отырған көпшілікті әншінің алғашқы «айқайымен» ескертіп алғынын айтады.

Күйлердің басындағы кейде созылып кететін бос қағыстардың мәні де бұрын осы негізде болған. Тыңдаушылар эбден басылған кездे ғана күйші күйдің өзіне түседі. Екіншіден, бұл алғашқы «айқай» дауыс жетер жердегілерді шақыру, жариялау рөлін де атқарған. Әнші-күйші алғашқы айқай мен құлақ күй арқылы шабыт шақырып, өзін іштеп әзірлеп те алғынын.

Саңқылдаң біреу ән салса,
Біріне бірі жуықтап.
Тебінісіп қамалар,
Тоқтатып болмас сырыйтап, –

деп, Абай әнші дауысымен жиналатын халықты суреттейді.

Абай орындаушылыққа үлкен мән берген адам. Жақсы шығарылған ән-күй жаман орындаушының қолына түскенде «ауыздан шыққанда өні қашатын көнілдегі көрікті ойдың» кебін киетінін де Абай білді. Шығарушылықпен орындаушылықтың екі түрлі қабілет екенін де ол жақсы түсінді.

Сондықтан жоғарыда айттылғандай, Абай алғашында өз әндерінің шығарушысы да, оларды бабына келтіріп, орындаудың нұсқаушысы да, ән-күйдің, әншіліктің сыншысы да өзі болды. Әрине, Абайдың «әнінді сатып ақша алма» деуі – сол кездегі ән қадірін түсіріп, біреулерді өтірік мактап, мал табушыларды мінеп-шенегендік еді.

Қорытып айтқанда, Абай дарынды композитор болды, өзінің нота сауатынан хабарсыздығына қарамастан, ән шығару ісінде айта қалғандай жаңалықтар тудырды. Оның басты себебі – Абай поэзиядағысы сияқты, музыкалық творчествосында да ұлы орыс халықтың прогресшіл искусствосының артықшылығын түсініп, оны менгеруге тырысты. Сөйтіп, қазақтың халықтық музика дәстүрінде ол өзіне дейін болмаған жаңа үнді, жаңа ырғакты ән шығарды. Сонымен қатар ақын, композитор, орындаушы – үшесеуі бір кісі болған тұста ол, қолынан келгенінше, олардың арасында еңбек бөлісінің керектігін сезіп, өз аулында, айналасында болса да, сол жұмыстың басын бастап кетті. Өзінің баяу даусымен шығарған үлкен сырлы әндерін халық көпшілігіне жеткізуіндегі бар шарасын қолданды. Оның ән, күй орындаушылық жөнінде қысқаша айттып кеткендерінің әлі күнге дейін үлкен мәні бар. Композиция жағынан Абайдың музыкасы көп жанрлы деуге болады. Онда драма, сатира, трагедия, әдет-ғұрыптың, жаратылыс суретін бейнелейтін, тағы басқа сан түрлі музика бар. Ал оның музикалық сыншылығында жан-жақты, терен философиялық пікірлер жатады.

Алдағы мақсат – Абай әндерін өте ұқыптылықпен жинау, нотаға жазу, пленкаға, граммофон пластинкасына түсіру. Абай әндерін халықтық негізде орындаушылар – Жұсіпбек Елебеков, Қали Байжанов, Куан Лекеров, Манаrbек Ержанов және нотаға түскеннен кейінгісін шебер орындаушылар Ришат Абдуллин, Байғали Досымжанов, Кәүкен Кенжетаев сияқты әншілердің орындау өзгешеліктерін ескере отырып, жазып алушы ұйымдастыру керек. Семейдегі Абай музейінде Абайдың музикалық мұрасына арналған тиісті бөлім болуы керек. Онда Абай әндерінің неше алуан, жоғарыда саналғандай әншілердің орындауында жазылған, белгілі варианттарының бәрі қамтылған пластинкалар, пленкалар болып, музейге келушілерді солармен таныстырып отыруды көздеу керек.

Соңғы жылдарда Абайдың музикалық мұрасы жөнінде бірен-саран ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады.

Алматы мемлекеттік консерваториясының студенттері, педагогтары өздерінің дипломдық және басқа музика зерттеу жұмыстарында Абай әндерін тақырып етіп алып жур. Абайдың қайтыс болуының 50 жылдығын атап өту кезінде Алматыдағы ғылыми оку орындарында өткізілетін ғылыми сессияларда Абайдың музикалық мұрасы жөнінде де бірқатар мәселе қаралмақ.

Абайдың музикалық мұрасы Советтік Қазақстанда қайта туды. Абай әндері халқымызға рухани азық болуда. Республикалық өнер-білім арқаланған еңбекшілері Абай әндерін шырқай жүріп, коммунизмнің ұлты сарайының кірпішін қалауда.

ТҮСІНІКТЕР

1. Жұбанов А. Абайдың музыкалық мұрасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Гылым, 1976. – 213-221-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Ақынжанов М. Абайдың қогамдық-саиси көзқарастарының қалыптасуы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССРҒА баспасы, 1954. – 65-84-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Тәжібаев Т. Жүргегімнің түбіне терең бойла. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 133-148-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-біліктегі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Ата-мұра, 2008. – 100-143-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әуезова Л. Абай Құнанбаев және оның ескен ортасы (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезова Л.М. М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. – Алматы: Мектеп, 1977. – 168-203-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Ерзакович Б. Абайдың казақ музыкасына қосқан үлесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, Қалам қас. Әндер мен күйлер / құрастырып, музыкалық редакциясын жүргізген Б.Г. Ерзакович. – Алматы: Өнер, 1986. – 5-18-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Фабдуллин Б. Абай және Сократ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 159-173-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының мәдени-тариҳи және дүниетанымдық алғышарлары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы / жауапты шығарушы философия гылымының докторы М.С. Орынбеков. – Алматы: Гылым, 1995. – 34-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Есім Ф. Абай философиясындағы адам мен Алла болмысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 69-106-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының қайнар көздері және философиясының жалпы мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 7-33-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.

12. Байтенова Н. Абай философиясының антропологиялық бастаулары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.
13. Күзембаева С. Абайдың музикалық шығармашылығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы / жалпы ред. басқ. У.К. Қалижанов, ҚР ҰФА мүшіе-корреспонденті. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 461-473 – беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Жұбанов А. Абайдың музикалық мұрасы	3
Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси кезқарастарының қалыптасуы	12
Тәжібаев Т. Жүргімнің түбіне терең бойла	33
Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-біліктегі туралы	50
Әуезова Л. Абай Құнанбаев және оның ескен ортасы	94
Ерзакович Б. Абайдың қазақ музикасына қосқан үлесі	116
Ғабдуллин Б. Абай және Сократ	132
Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының мәдени-тарихи және дүниетанымдық алғышарттары	148
Есім Ф. Абай философиясындағы адам мен Алла болмысы	183
Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының қайнар көздері және философиясының жапы мәселелері	223
Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы	240
Байтенова Н. Абай философиясының антропологиялық бастаулары	252
Күзембаева С. Абайдың музикалық шыгармашылығы	267
Тұсініктер	280

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
V том
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8888

Басуга 24.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1510.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.